

Еңбекшілдер аудандық мәслихатының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № С-18/7 " Еңбекшілдер ауданы бойынша 2018 жылға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарды бекіту туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Ақмола облысы Біржан сал ауданы мәслихатының 2018 жылғы 10 сәуірдегі № С-23/4 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 25 сәуірде № 6581 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңына сәйкес, Біржан сал ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Еңбекшілдер аудандық мәслихатының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № С-18/7 " Еңбекшілдер ауданы бойынша 2018 жылға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарды бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді тіркеудің мемлекеттік тізілімінде № 6338 тіркелген, 2018 жылдың 23 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат
сессиясының төрайымы*

Т.Маркова

*Аудандық мәслихат
хатшысы*

С.Шәуенов

"КЕЛІСІЛДІ"

*Ақмола облысы
Біржан сал ауданы әкімінің
міндетін атқарушы*

Е.Сабыров

"10" сәуір 2018 жыл